

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН
МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯ-ИНТЕРНАТЫ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ
ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ-ИНТЕРНАТ
ИМЕНИ
ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ
ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

2026 жыл 20 мамыр

№ 251

**Қостанай облысы әкімдігі білім
басқармасының «Ы.Алтынсарин
атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернаты»
КММ сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау
жүргізу туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазанындағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ 2026 жылғы 31 наурыздағы №339 «Қостанай облысының қалалары мен аудандарының білім бөлімдеріне, оларға бағынысты білім беру ұйымдарында, білім басқармасына бағынысты ұйымдарында, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ы.Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» КММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін келесі құрамында Жұмыс тобы бекітілсін. *(Қосымша 1)*

2. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ы.Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» КММ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2026 жылғы 21 мамыр мен 09 маусым аралығында өткізілсін. *(Қосымша 2)*

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылсын:

1) қызметке қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) талдау нысанының ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау: персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырауы мүмкін лауазымдарды айқындау; мүдделер қақтығысын реттеу; мемлекеттік қызметтер көрсету; бюджеттік және қаржылық қаражатты игеру мен бөлу; ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелер.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдаумен қамтылатын кезеңі 2025 жылдың екінші жартыжылдығы мен 2026 жылдың бірінші жартылығының аралығы бекітілсін.

5. Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау қорытындысы бойынша Үлгілік қағидалардың 1-қосымшадағы нысанға сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпарат пен оларды жою бойынша ұсыныстарын, ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырайтын лауазымдардың тізімін қамтитын аналитикалық анықтама ұсынылсын.

6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге басшылық ету директордың бейіндік оқыту ісі жөніндегі Гульмира Карасаевна Токтамысоваға жүктелсін

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

8. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Директор



Ы.Ержанова

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу
жұмыс тобының құрамы**

№	Жұмыс бағыты	лауазымы	Қызметкердің Т.А.Ә.
1	Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау	Кадрлар жөніндегі инспектор (арнайы жұмыс бойынша)	Оралбай Ж.Ө.
2	Мүдделер қақтығысын реттеу	Кадрлар жөніндегі инспектор (арнайы жұмыс бойынша)	Оралбай Ж.Ө.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету ("Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет»; "Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру" мемлекеттік қызмет стандарты»; "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау"; "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау"	Мектеп директорының орынбасарлары	Токтамысова Г.К. Касыбаева А.Т
4	Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу. Қаржы-шаруашылық қызметі	есепші	Мустафина Г.М. Шильдибаева И.Б.
5	Жеке тұлғалармен шарттар жасасу	Кадрлар жөніндегі инспектор (арнайы жұмыс бойынша)	Оралбай Ж.Ө.
6	Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану	Мектеп директордың ақпараттандыру жөніндегі орынбасары Кадрлар жөніндегі инспектор	Серикбаева А.Н. Оралбай Ж.Ө.

7	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және қоғамдық мониторинг нәтижелері	Мектеп директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Абдигалиев Н.У.
8	Қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету (БАҚ және өзге де ақпарат көздерінің мониторингі)	Мектеп директордың ақпараттандыру жөніндегі орынбасары	Серикбаева А.Н.
9	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру	Мектеп директорының орынбасары	Токтамысова Г.К.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспары

№	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауапты тұлғалар
1	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бағыттар бойынша ақпарат жинау	21- 28.05.2026	Токтамысова Г.К. Касыбаева А.Т. Оралбай Ж.Ө. Мустафина Г.М. Шильдибаева И.Б. Серикбаева А.Н. Абдигалиев Н.У.
2	Мектеп қызметін, оның ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілерді және ішкі құжаттарды сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуы тұрғысынан бағыттары бойынша талдау жүргізу	29.05- 02.06.2026	Токтамысова Г.К. Касыбаева А.Т. Оралбай Ж.Ө. Мустафина Г.М. Шильдибаева И.Б. Серикбаева А.Н. Абдигалиев Н.У.
3	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды олардың тізбесін жасау	03.06.2026	Оралбай Ж.Ө.
4	Талдамалық анықтама әзірлеу	05.06- 06.06.2026	Токтамысова Г.К.
5	Талдамалық анықтамаға қол қою	09.06.2025	Токтамысова Г.К.
6	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарына қол қою	09.06.2026	Токтамысова Г.К.
7	Талдамалық анықтама және іс-шаралар жоспары мектеп интернет-ресурсында орналастырылу	10.06.2026	Серикбаева А.Н.